

М.Е. Ажибекова\* , Г. Сагидолда 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
\*e-mail: marzhanermektai@mail.ru

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ «ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ» «КЕМЕЛ АДАМ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫ

Мақалада Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтеріндегі» «кемел адам» концептісінің көркемдік-философиялық мазмұны жан-жақты талданады. Аталған ұғымның Ибн Араби сияқты мұсылман ойшылдарының еңбектерінен бастау алып, сопылық ілімде ерекше орын иеленгені және қазақ рухани кеңістігінде, әсіресе Абайға дейінгі кезеңде тұрақты түрде көрініс тапқаны қарастырылады. Ясауидің «Хикметтеріндегі» «кемел адам» концептісі сопылық дәстүрден бастау алатын және қазіргі әдеби үдерістегі көріністеріне дейін жалғасатын рухани-танымдық сабақтастық ретінде зерттеледі. Зерттеу материалы ретінде Р. Сыздықованың «Ясауи хикметтерінің тілі» атты еңбегі мен Ташкент қолжазба нұсқасы негізге алынып, солар арқылы мәтіннің тілдік, дүниетанымдық және концептуалдық ерекшеліктері айқындалады.

Мақалада өзінің шынайы адамдық болмысынан ажыраған адам бейнесі мен рухани кемелдікке жеткен тұлға бейнесі салыстырылып, олардың қоғам өміріндегі мәні мен рөлі ашылады. Өртүрлі ғалымдардың көзқарастары негізінде кемел адамның әлем мен қоғамды ақиқат жолына бастайтын, әділет пен туралықты орнықтыратын, жағымсыз әдеттерді сынайтын және ізгілік пен тәртіпті насихаттайтын тұлға ретіндегі қызметі талданады. Сонымен қатар сопылық ілімдегі кемелдік ұғымының тарихи қалыптасуы, оның түркілік дүниетаныммен байланысы және қазақ рухани мәдениетіндегі сабақтастық арналары көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында семантикаға, Ясауи мұрасына, сопылық дүниетанымға және «кемел адам» концептісіне қатысты пәндерді оқытуда, сондай-ақ осы бағыттардағы ғылыми зерттеулерде пайдаланылуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** Ясауи, «Хикметтер», «кемел адам», концепт, когнитивтік құрылым.

M.E. Azhibekova\*, G. Sagidolda

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan  
\*e-mail: marzhanermektai@mail.ru

### Cognitive Structures of the Concept of the “Perfect Man” in Khoja Ahmed Yasawi’s Hikmets

The article offers a comprehensive analysis of the artistic and philosophical content of the concept of the “Perfect Man” in Khoja Ahmed Yasawi’s *Hikmets*. It argues that this concept originates in the works of Muslim thinkers such as Ibn Arabi, occupies a special place in Sufi doctrine, and has remained a significant theme in the spiritual space of Kazakh culture, particularly in the period preceding Abai. The concept of the “Perfect Man” in Yasawi’s *Hikmets* is examined as a form of spiritual and cognitive continuity rooted in the Sufi tradition and extended into its manifestations in modern literature. The study draws on R. Syzdykova’s work *The Language of Yasawi’s Hikmets* and the Tashkent manuscript version in order to identify the linguistic, worldview-related, and conceptual features of the text.

The article compares the image of a person who has lost his true human essence with that of an individual who has attained spiritual perfection, revealing their significance and role in social life. Drawing on the views of various scholars, it analyzes the role of the Perfect Man as a figure who guides society along the path of truth, establishes justice and righteousness, condemns immoral habits, and promotes order and virtue. In addition, the study demonstrates the historical formation of the notion of perfection in Sufi teaching, its connection with the Turkic worldview, and its continuity within Kazakh spiritual culture.

The results of the study may be used in teaching semantics-related disciplines in higher education, as well as in scholarly research devoted to Yasawi’s heritage, Sufi thought, and the concept of the Perfect Man.

**Keywords:** Yasawi, Hikmets, “Perfect Man”, concept, cognitive structure.

М.Е. Ажибекова\*, Г. Сагидолда

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

\*e-mail: marzhanermektai@mail.ru

### Когнитивные структуры концепта «совершенный человек» в «Хикматах» Ходжи Ахмеда Ясави

В статье всесторонне анализируется художественно-философское содержание концепта «совершенный человек» в «Хикматах» Ходжи Ахмеда Ясави. Рассматривается, что данное понятие берет начало в трудах мусульманских мыслителей, таких как Ибн Араби, занимает особое место в суфийском учении и на протяжении веков сохраняет свою значимость в духовном пространстве казахской культуры, особенно в доабаявский период. Концепт «совершенного человека» в хикматах Ясави исследуется как форма духовно-познавательной преемственности, восходящей к суфийской традиции и продолжающейся в современных литературных проявлениях. В качестве исследовательского материала использованы труд Р. Сыздыковой «Язык хикметов Ясави» и ташкентская рукописная версия, на основе которых выявляются языковые, мировоззренческие и концептуальные особенности текста.

В статье сопоставляются образы человека, утратившего свою подлинную человеческую сущность, и личности, достигшей духовного совершенства; раскрываются их значение и роль в жизни общества. На основе взглядов различных ученых анализируется роль совершенного человека как личности, направляющей мир и общество на путь истины, утверждающей справедливость и праведность, осуждающей порочные привычки и утверждающей порядок и добродетель. Кроме того, показывается историческое формирование понятия совершенства в суфийском учении, его связь с тюркским мировоззрением и линии преемственности в казахской духовной культуре.

Результаты исследования могут быть использованы при преподавании дисциплин, связанных с семантикой, наследием Ясави, суфийским мировоззрением и концепцией совершенного человека, в высших учебных заведениях, а также в научных исследованиях по данным направлениям.

**Ключевые слова:** Ясави, «Хикматы», «совершенный человек», концепт, когнитивная структура.

## Кіріспе

Ислам әдебиетінде хижри жетінші ғасырға дейін «толық» немесе «кемел адам» ұғымы айқын қалыптаспаған еді. Бұл түсінік кейінгі кезеңдерде орнығып, қазіргі еуропалық ой кеңістігінде де маңызды тақырыптардың біріне айналды. Сопылық дәстүрде жиі кездесетін әрі осы идеяның негізін құрайтын «Алла Адамды өз бейнесінде жаратты» деген хадиске сүйеніп отырып, Халлаж Мансур адам табиғатында Құдайлық мәннің көрініс табатынын көрсетеді. Осындай көзқарас Ибн Арабидің «инсаны кәміл» тұжырымдамасын терең түсінуіне жол ашып, адамның рухани жетілуін исламдық антропологияның басты мәселесі ретінде айқындады (Sinanoglu, 2008, б. 94).

Түркі сопылық дәстүрінде «кемел адам» концептісі практикалық-этикалық мазмұнмен байытылды. Түркілік дүниетанымға тән ерлік, жомарттық, әділдік және кішіпейілділік сияқты құндылықтар сопылық антропологиялық қағидалармен үйлесіп, өзіндік синкреттік үлгі қалыптастырды.

Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтерінде» «кемел адам» концептісі исламдық антропология тұрғысынан ерекше мәнге ие. Ясауи ілімінде

кемел адам тек рухани жетілу деңгейіне көтерілген тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өмірде белсенді қызмет атқаратын, адамгершілік пен әділеттілікті негізгі қағида еткен субъект ретінде сипатталады. Оның дүниетанымында рухани кемелдену процесі төрт сатылы жүйе арқылы түсіндіріледі: шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқат. Бұл сатылар адамның сыртқы діни міндеттерді орындаудан бастап, ішкі рухани тазаруға, жүрек іліміне және ақиқатқа жетуіне дейінгі кезеңдерді қамтиды.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің ерекшелігі – адам кемелденуін халыққа қызмет ету, қарапайымдық, нәпсіні жеңу және жүрек тазалығы секілді практикалық құндылықтармен байланыстыруында. Оның «Хикметтерінде» кемел адам тек Құдайға жақындаған рухани тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамның рухани тірегі ретінде бейнеленеді.

«Инсаны кәміл» ұғымы лексикалық тұрғыдан жолбасшы, дәлел және бағыт көрсетуші мағыналарымен түсіндіріліп, «кемел адам» тұжырымымен сабақтастырылады. Бұл категория аксиологиялық тұрғыдан маңызды мәнге ие болып, исламдық антропологиядағы рухани-этикалық идеалдың айқын көрінісі ретінде қарастырылады (Efendi, 1305, б. 871-873).

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында жинақтау, жүйелеу, индукция, семантикалық талдау, лингвистикалық саралау, концептуалдық талдау және салыстырмалы интерпретация әдістері қолданылды. Аталған әдістер Қожа Ахмет Ясауидің «*Хикметтеріндегі*» «кемел адам» концептісінің мазмұнын, құрылымын және рухани-танымдық сипатын кешенді түрде ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Қожа Ахмет Ясауидің «*Хикметтері*» Ташкент қолжазба нұсқасы, сондай-ақ академик Р. Сыздықованың «*Ясауи хикметтерінің тілі*» (2014) атты еңбегінде транслитерацияланған мәтіндер алынды. Осы дереккөздердегі тілдік бірліктер, ұғымдық тіректер, діни-рухани мазмұндағы сөздер, сопылық танымға қатысты атаулар мен бағалауыштық бірліктер іріктеліп, талдау нысанына енгізілді. Материалды іріктеу барысында «кемел адам» концептісін тікелей не жанама түрде танытатын лексемалар, тіркестер, моральдық-этикалық мазмұнды білдіретін қолданыстар және адамның рухани жетілуін сипаттайтын тілдік құрылымдар негізге алынды.

Жинақтау және жүйелеу әдісі арқылы Ясауи мәтіндеріндегі «кемел адам» ұғымына қатысты тілдік деректер топтастырылып, олардың тақырыптық-мазмұндық өрісі анықталды. Бұл әдіс «кемелдік», «нәпсіні тию», «әділет», «туралық», «жүрек тазалығы», «күлшылық», «хақ жолы» сияқты ұғымдардың бір концептуалдық жүйе аясында өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік берді. Индукция әдісі нақты мәтіндік деректерден жалпы ғылыми тұжырым жасауға қолданылды, яғни жекелеген хикметтердегі тілдік және мағыналық көріністер негізінде Ясауи дүниетанымындағы «кемел адам» моделінің негізгі белгілері айқындалды.

Семантикалық талдау әдісі арқылы «кемел», «толық», «жетілген», «хақ», «мағрифат», «нәпсі», «тақуалық» сияқты ұғымдардың мәтін ішіндегі мағыналық жүктемесі сараланып, олардың контекстік қызметі анықталды. Бұл әдіс сөздердің тек сөздіктік мағынасын емес, Ясауи қолданысындағы рухани-концептуалдық мазмұнын да ашуға бағытталды. Сонымен қатар лексикалық бірліктердің тура және астарлы мағыналары, діни-философиялық реңктері, сопылық дүниетаныммен сабақтастығы қарастырылды.

Лингвистикалық саралау әдісі мәтіндегі тілдік бірліктердің құрылымдық, стильдік және дүниетанымдық сипатын айқындауда қолда-

нылды. Атап айтқанда, Ясауи мәтіндеріндегі моральдық-этикалық мазмұнды жеткізетін сөздер, сопылық терминдер, символдық бейнелер мен тұрақты тіркестер жеке қарастырылып, олардың «кемел адам» концептісін қалыптастырудағы орны анықталды. Бұл тәсіл арқылы мәтіндегі адам болмысына қатысты оң және теріс бағалау үлгілері салыстырылып, «рухани кемел тұлға» мен «адамдық болмысынан ажыраған пенде» образдарының тілдік айырмашылықтары сараланды.

Концептуалдық талдау әдісі зерттеудің негізгі өзегін құрады. Оның көмегімен «кемел адам» ұғымының танымдық құрылымы анықталып, концептінің ядролық және шеткері белгілері ажыратылды. Ядролық белгілер ретінде рухани тазалық, әділет, ақиқатқа ұмтылу, нәпсіні жеңу, хаққа жақындау, ал шеткері белгілер ретінде қоғамға қызмет ету, кішіпейілділік, ізгілік, сабыр сияқты қырлар қарастырылды. Осы арқылы Ясауи хикметтеріндегі «кемел адам» концептісінің тек діни мазмұнмен шектелмей, этикалық, мәдени және дүниетанымдық кеңістікпен ұштасатын көпқабатты құрылым екені нақтыланды.

Салыстырмалы интерпретация әдісі Ясауи іліміндегі «кемел адам» ұғымын исламдық антропологиядағы, сопылық дәстүрдегі және қазақ рухани ойлау жүйесіндегі сабақтас түсініктермен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік берді. Осы тәсіл негізінде Ибн Араби іліміндегі *al-insān al-kāmil* тұжырымы, Абайдың «толық адам» концепциясы, Әл-Фарабидің «мінсіз адам» үлгісі және халықтық дүниетанымдағы «жақсы адам» ұғымдары өзара салыстырылып, Ясауи мәтіндерінің тарихи-танымдық орны айқындалды.

Осылайша қолданылған әдістер жиынтығы Қожа Ахмет Ясауи «*Хикметтеріндегі*» «кемел адам» концептісінің тілдік, танымдық және рухани мазмұнын кешенді түрде талдауға, оның когнитивтік құрылымын жүйелі сипаттауға және қазақ рухани мәдениетіндегі жалғастығын ғылыми негізде көрсетуге мүмкіндік берді.

## Әдебиеттерге шолу

Ибн Араби мен Қожа Ахмет Ясауи ілімдерін салыстырмалы тұрғыдан қарастырғанда, олардың түпкі мақсаты ортақ болғанымен, әдістемелік қырлары мен назар аударған бағыттары әртүрлі екені байқалады. Ибн Араби «кемел адам» концептісін метафизикалық деңгейде түсіндіріп, оны онтологиялық және космологиялық өлшем-

дермен байланыстырады. Ал Ясауи бұл ұғымды күнделікті өмір тәжірибесімен, адамгершілік құндылықтарымен және практикалық әрекеттермен сабақтастырады (Бағашаров, Тобашев, Тутинова, 2022).

Ясауидің «кемел адам» моделі түркілік дүниетанымға бейімделген, халыққа түсінікті әрі этикалық-практикалық мазмұнға ие сопылық антропология ретінде сипатталады. Бұл үлгіде рухани кемелдену тек Құдайға жақындау процесі ғана емес, сонымен қатар қоғамға қызмет ету, әділеттілік пен адамгершілікті өмірлік қағида ету арқылы жүзеге асатын тұтас жүйе ретінде қарастырылады.

«Кемел» сөзінің мағынасын қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жетілген, толық, мінсіз күйге жеткен деген мағыналарда түсіндіріледі (Қалиев, 2023). Бұл ұғым адамның рухани, ақыл-ой және тәжірибелік тұрғыдан толысуын білдіреді. «Кемел жас» тіркесі өмірлік тәжірибесі молайып, парасаты орныққан кезенді сипаттаса, «кемел тұлға» адамның рухани жетілуін, адамгершілік пен әділеттілікті бойына сіңіргенін білдіреді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, «кемел» категориясы аксиологиялық мәнге ие: ол адам болмысының ең жоғары деңгейін, рухани-этикалық жетілуді бейнелейді. Осыған байланысты сопылық антропологияда «кемел адам» концептісі адамның Құдайға жақындауымен қатар, қоғамға қызмет ету, әділеттілік пен ізгілікті өмірлік қағида ету арқылы жүзеге асатын рухани идеал ретінде қарастырылады (Қасымқан, 2025)

Кемел – «толық, жетілген», «толықтық, бүтіндік, барлығы түгел, жетік». Қазақ тілінде «дана, данышпан» деген ауыспалы ұғымда да қолданылады (Құрманбайұлы, Исақова, Мизамхан және т.б., 2019).

Ясауи шығармаларындағы әділеттілік, ізгілік, тақуалық сияқты құндылықтар «кемел тұлғаның» негізгі қасиеттері ретінде көрсетеді. Хикметтердегі сөздер мен бейнелер түркілік дүниетанымға тән мәдени кодтарды сақтайды. Бұл «кемел адам» ұғымының тек діни емес, этномәдени негізін де айқындайды (Zhakupov et al., 2023, б. 240).

Ясауи «Хикметтерін» зерттеу барысында басымдық тек түркі тілдеріне ортақ тілдік қабаттарға емес, ең алдымен шығарманың мазмұндық өзегіне – руханият пен дін мәселелерін түсіндіру үшін берілуі тиіс. Бұған дейінгі еңбектерде мәдени лексика тұрмыстық және діни-рухани деп жіктелгенімізбен, тұрмыстық лексиканың қолданыстағы мағынасы көбіне ді-

ни-рухани ұғымдарды түсіндіруде қызмет атқаратыны байқалады.

«Хикметтердің» негізгі мәні – халықтың рухани сұранысына сай діни танымды қарапайым түркі жұртының дүниетанымына, ділі мен сеніміне сәйкес жеткізу. Осы тұрғыдан алғанда, Ясауи ілімі адамды тәрбиелеу, адамгершілікке баулу қағидаттарын басты орынға қояды. Бұл идея түркілік таным негізінде Ясауи қолданысындағы «кемел адам» концептісімен сабақтасып, руханиятымызда Абайдың «толық адам» ілімімен үндесіп көрініс табады.

### Нәтижелер мен талқылау

Антикалық дәуірдегі «кемел адам» концептісі ақыл-санаға негізделген антропологиялық түсініктермен сабақтасып қарастырылады. Ежелгі грек философиясында адам жаны үш құрамдас бөліктен тұрады деп сипатталады: ақыл (сана), ерік және сезім. Бұл құрылымда ақыл ең жоғарғы әрі жетекші күш ретінде қабылданып, кемелдікке ұмтылған тұлға өз еркі мен сезімін рационалды ойлау қабілетіне бағындыра алатын адам ретінде анықталады. Дегенмен ақыл-ойдың дамуы барлық адамда бірдей деңгейде жүзеге аспайтындықтан, кемелдікке жету үздіксіз ой еңбегін, өзін жетілдіруді және ақиқатты тануға ұмтылуды қажет етеді.

Сократ үшін адам өмірлік сынақтарды енсеру арқылы ақиқатқа жақындайды және жақсылық пен жамандықты ажырата біледі. Платон кемел адамды – мінсіз мемлекетке қызмет ететін философ ретінде сипаттайды. Антикалық дәуірде кемелдік ұғымы азаматтардың полис өміріне белсенді қатысуымен және мемлекетке қызмет ету идеалымен байланысты болды (Батыс философиясының жаңа тарихы, 2020)

XX ғасырдың екінші жартысында гуманистік психология аясында А. Маслоу «кемел адам» ұғымына жаңа теориялық негіз ұсынды. Оның пайымдауынша, адамзаттың басты міндеті – «жақсы адамды» қалыптастыру, себебі тұлғаның өзін жетілдіруге ұмтылмауы қоғамның дағдарысына алып келуі ықтимал. Маслоу сипаттаған кемел тұлғаның негізгі белгілеріне шындықты қабылдау, өзін және өзгелерді дұрыс бағалау, шынайылық пен қарапайымдылық, жеке міндетті жоғары қою, тұрақтылық, мақсаттың айқындығы, жақсылық пен жамандықты ажырата алу, демократиялық мінез құрылымы және шығармашылық қабілет жатады. Бұл модель тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру үдерісін

түсіндіруде маңызды теориялық база ретінде қарастырылады (Maslow, 1962).

Фарифолла Есімнің пайымдауынша, «жақсы адам» категориясы пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер және кәміл тұлғалар бейнесімен сабақтасып қарастырылады. Бұл түсінік Шәкәрім шығармаларында жалғасын тауып, ол Абай дәстүріне сүйене отырып қоғам алдына «ең жақсы адам кім?» деген сұрақты қояды. Абайдың «Отыз сегізінші сөзінде» «хауас сәлим» ұғымы арқылы жақсы адамның мәні ашылады. Араб тілінен енген бұл термин адамның табиғи болмысындағы дұрыс қасиеттер мен мінез-құлықты білдіреді. Абайдың түсіндіруінше, хауас сәлим иесі болу үшін алты алғышарт қажет: тән саулығы, жақсы туыс, жақсы ата, жақсы ана, жақсы дос және жақсы ұстаз. Бұл қасиеттер адамды «аты адам» деңгейіне жеткізсе, шынайы кемелдікке жету үшін үш танымдық міндетті меңгеру қажет: Құдайды тану, өзін тану және дүниені тану (Шамахай, Саркулова, Саркулова, 2022, б. 47)

Түркі тілдерінде «кемел адам» ұғымының қолданылу өрісін қарастырып көрейік. «Инсаны камил» ұғымы сөздікте жолбасшы, дәлел, жол сілтеуші деген мағыналармен берілген (Efendi, 1305, б. 871-873).

Сопылық дәстүрде «кемел адам» ұғымы шарифат үкімдерін басшылыққа алып, сүннет жолынан ауытқымайтын, шыншылдықты, байыптылықты және ынсаптылықты бойына жинақтаған тұлға ретінде сипатталады. Абай кемел адамды «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қасиеттерімен айқындаса, Әлішер Науауи өз шығармаларында бұл түсініктің қырларын ашып көрсетіп, кемелдікке жету адамның өзін тануымен қатар Жаратушыны тану және ұғыну үдерісімен тығыз байланысты екенін атап өтеді. Осыған сәйкес рухани жетілу жолындағы адам әрдайым Жаратушының құзырын сезініп, оған жақындауды иләһи махаббат арқылы жүзеге асырады (Кенжетай, 2024).

Абайдың рухани-философиялық жүйесінде «толық адам» ұғымы адамдық дамудың ең жоғарғы сатысы ретінде қарастырылып, рухани кемелдіктің шыңы ретінде ұсынылады. Мұндай деңгейге жеткен тұлға ғана «нұрлы ақылдың» иесі бола алады. Абайдың «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген тұжырымы осы кемелдіктің негізгі өлшемдерін айқындайды (Абай, 2024).

Ибн Арабидің антропологиялық көзқарасының өзегін «кемел адам» концептісі құрайды. Ол барлық себептердің ең жоғарғысы әрі басты

себебі ретінде «Мухаммадия хақиқатын» негізге алады. Ибн Арабидің түсіндіруінше, кемел адам бейнесі ең алдымен Мұхаммед пайғамбарға тән, өйткені өзге кемел адамдар (пайғамбарлар мен уәлилер) «кулли ақылдың» тек сыртқы көрінісін ғана иеленеді (Кілің, 2015, б. 126-127).

Арабшада *инсан-и камил* – «толық адам». Діни-философиялық тұрғыдан бұл ұғым кісілікке жат қылықтардан толық арылып, ішкі жан дүниесі тазарған, рухани қасиеттері кемелденген және мүлтіксіздікке барынша жақындаған асыл тұлғаны білдіреді. Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол адасқан жандар үшін бағдар беруші, жолда қалғандар үшін рухани көпір, үміті үзілгендер үшін ашылар есік ретінде сипатталады (ҚҰЭ).

Қазақ әдебиетінде «кемел адам» категориясы кітаби ақындар шығармаларынан бастап, Абай мұраларында кеңінен көрініс тапқан. Бұл дәстүрде кемел адам ұғымы рухани-этикалық идеал ретінде қарастырылып, адамзаттың ең жоғары мұраты мен үлгісін бейнелейді (Момынова, Сүйерқұлова, Фазылжанова және т.б., 2011)

Әл-Фараби мемлекет басқаруға лайық тұлғаның қалыптасуын отбасы тәрбиесінің басты міндеті деп санады. Қоғам өркениетке жетуі үшін білім мен мінезі жетілген «мінсіз адам» үлгісі қажет екенін айтып, оған тән он екі қасиетті атап көрсетті: дене мүшелерінің мінсіздігі, жадтың беріктігі, аңғарымпаздық, білімге құштарлық, қанағатшылдық, шыншылдық, ізгі ниет, әділеттілік, қыңырлықтан аулақ болу, шешімшілдік, батылдық және өткір болу. Бұл қасиеттерді бала бойында қалыптастыру арқылы «мінсіз адамды» тәрбиелеуге болады, ал олардың барлығы бір адамда сирек кездесетінін ескеріп, кемінде бес-алтауы болса, ол тұлға ел басқаруға лайық деп тұжырымдады (Әл-Фараби, 1975).

Шәкәрім Құдайбердіұлының «үш анық» ілімі исламдық дүниетанымдағы рухани кемелдену жолымен сабақтасып, адамзатты бауырмалдық пен ізгілікке бастайды. Бұл жолды қабылдағандар адаспай, тура бағытқа жетуі үшін Алла тағаланың білімін анық деп мойындауы, жанның мәңгілігін қабылдауы және екі дүниенің азығы ретінде «Ар білімін» үйренуі қажет. Осы қағидалар сопылық дәстүрдегі «кемел адам» концепциясымен үндесіп, рухани жетілудің негізгі өлшемдерін айқындайды (Құдайбердіұлы, 1991).

Әл-Фараби дәстүрінде ұстаз тұлғасы кемел адамды тәрбиелеудің басты тетігі ретінде қарастырылып, оның табандылығы мен ынталылығы «тамшысымен тас тесетін су» бейнесімен сипат-

талады. Ал қазіргі исламдық ой кеңістігінде «кемел адам» ұғымы «толық иман» және «ихсан» ілімімен сабақтастырылып, жүрек тазалығы мен Аллаға жақындауды басты мақсат ретінде көрсетеді. Бұл түсініктер Шәкәрімнің «Ар білімі» қағидасымен үйлесіп, исламдық антропологиядағы кемелдік өлшемдерін толықтыра түседі (Тәубаева, 2020).

«Кемел адам» түркілік рухани дәстүрде негізгі концепт ретінде қарастырылады. Оны қазақ ойшылдары мен шығыстық философтар әртүрлі атаулармен сипаттаған: Абайда – «толық адам», Әл-Фарабиде – «мінсіз адам», халықтық дүниетанымда – «жақсы адам» (Tanabayeva et al., 2015). Бұлардың барлығы бір-бірімен сабақтасып, адам тәрбиесі мен рухани жетілу жолын көрсетеді.

Жақсы адам – халықтық дүниетанымдағы қарапайым, бірақ мәнді өлшем. Жақсы адам – адал, шыншыл, қайырымды, қоғамға пайдалы жан.

Мінсіз адам – Әл-Фарабидің идеалы. Ол мемлекет басқаруға лайық тұлғаның бойында болуы тиіс он екі қасиетті атап көрсетеді.

Толық адам – Абайдың концептісі. Ол адамгершілік, әділет, махаббат, ғылымды меңгеру арқылы қоғамға пайдалы болуды көздейді.

Кемел адам – Ясауи іліміндегі рухани жетілудің шыңы. Бұл ұғым адамның нәпсіні жеңіп, ілімге, махаббатқа, кішіпейілділікке жетуін білдіреді.

*«Жақсы адам» → «Мінсіз адам» → «Толық адам» → «Кемел адам».*

Бұл тізбек адам тәрбиесінің сатыларын көрсетеді: қарапайым «жақсы адамнан» бастап, философиялық «мінсіз адамға», Абайдың «толық адамына» дейін жетіп, ақырында Ясауидің «кемел адам» бейнесінде рухани кемелдікке қол жеткізу.

Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтеріндегі» «кемел адам» (al-insān al-kāmil) концептісін зерттеу үшін екі негізгі бағыттағы әдебиеттерге сүйену қажет: біріншісі – Ясауи мұрасына арналған еңбектер, екіншісі – сопылық дәстүрдегі «кемел адам» іліміне қатысты классикалық және заманауи зерттеулер.

Бұл топқа «Диуани Хикметтің» түрлі ғылыми басылымдары, транскрипциялары мен түсіндірмелері жатады. Сондай-ақ М. Жармұхамедұлы мен М. Шафиғидің Қожа Ахмет Ясауи және оның хикметтері, А. Қыраубаеваның Ежелгі дәуір әдебиеті (Ясауи дүниетанымына арналған тарауларымен), А. Егеубайдың Диуани Хикмет:

тілдік-танымдық талдау, О.Сапашевтің Ясауи ілімі және түркі сопылық дәстүрі, Х. Кәрімовтің Ясауи жолы: тарихы мен танымы еңбектері жатады. Бұл зерттеулер Ясауидің рухани-этикалық жүйесін және адам кемелденуі туралы көзқарасын түсінуге тікелей мүмкіндік береді.

Бұл бағыттағы еңбектер Ясауидің «кемел адам» концепциясын түркілік дүниетаным контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, А. Көбесовтің Түркі философиясы, А. Қасымжанов пен Ф. Есімнің Қазақ философиясы тарихы, А. Ясауи атындағы ғылыми орталықтың еңбектері (антропология және рухани кемелдену сатыларына қатысты), сондай-ақ Ф. Көпрүлүдің «Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar» атты классикалық зерттеуі ерекше маңызға ие. «Кемел адам» концептісінің мазмұнын айқындау барысында түркі тілдес халықтардың зерттеулерімен қатар ортағасырлық ойшылдардың еңбектеріне сүйену қажеттілігі туындайды. Бұл дереккөздер тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуындағы тарихи-мәдени сабақтастықты ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамда «кемел адам» ұғымы тұлғалық дамудың биік тұғыры ретінде қарастырылып, оны тәрбиелеудің негізгі баспалдағы ретінде тілдік деректердің рөлі ерекше мәнге ие. Осыған байланысты тілдік материалдарды талдау арқылы кемелдікке жетудің әлеуметтік-мәдени негіздері айқындалып, ұлттық дүниетанымдағы орны мен маңызы анықтау зерттеуіміздің басты мақсаты ретінде қойылады.

Қожа Ахмет Ясауидегі «кемел адам» идеясы сопылық антропологияның жалпы теориялық негіздерімен тығыз байланысты. Бұл тұрғыда классикалық және заманауи зерттеулерді қарастыру маңызды. Ибн Арабидің «al-Insān al-Kāmil» іліміне арналған трактаттары сопылық ойдағы кемел адам концепциясының бастауын айқындайды. Абд әл-Карим әл-Жилидің «al-Insān al-Kāmil» атты еңбегі осы тақырыптағы ең толық әрі жүйелі классикалық трактат ретінде ерекшеленеді.

Аталған еңбектер Ясауидегі «кемел адам» концепциясының теориялық негізін терең түсінуге мүмкіндік беріп, оны сопылық дәстүрдің кең контекстінде қарастыруға жағдай жасайды.

*«Kāmāl bolmas ilimsiz, jahil bolsa – qarangī»*

Кемел болмас ілімсіз, надан болса – қараңғы.

→ Білімсіз адам кемелдікке жетпейді, надандық қараңғылыққа апарайды.

*“Tākabbur bolğan adam – Hiqtıng rahmätindän jıraq”*

Тәкәппар болған адам – Хақтың рақымынан жырақ.

→ Тәкәппарлық кемелдікке қарсы қасиет ретінде суреттеледі.

Р.Сыздықова транслитерация арқылы Ясауидің сопылық ойларын қазіргі оқырманға жақындатқан. Бұл үзінділерде:

Ілім – кемелдіктің негізі.

Нәпсіні жеңу – рухани жетілудің шарты.

Тәкәппарлықтан арылу – Аллаға жақындаудың жолы.

Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтеріндегі» «кемел адам» (al-insān al-kāmil) концептісін толыққанды түсіну үшін үш негізгі бағыттағы әдебиеттерді кешенді түрде қарастыру қажет. Біріншіден, Ясауидің өз шығармалары мен мұрасына қатысты еңбектер, екіншіден, түркі сопылық дәстүрін зерттеген ғылыми жұмыстар, үшіншіден, сопылық ойдағы «кемел адам» ілімінің классикалық теориялық негіздері (Ибн Араби, Абд әл-Карим әл-Жили) назарға алынуы тиіс.

### 1-кесте

«Кемел адамға» тән сипаттар

Кемел адам	Қасиет	Шағатай нұсқасы	Транслитерация (Р.Сыздықова)	Мәні
Білімді адам	Ілімге құштарлық	«علمسىز بولماس كامل»، «بولسا جاهل – قرانغى»	«Kämäl bolmas ilimsiz, jahil bolsa – qarangı̄i»	Ілімсіз кемелдік жоқ, надандық қараңғылыққа апарады
Нәпсіні жеңген адам	Нәпсіні тыю	«نفسىمدى تىماسانغى، هيج بولماس كامل قاچان»	«Nafsıngdı tiymasang, kämäl bolmas hiç qachän»	Нәпсіні тыймай кемелдікке жету мүмкін емес
Кішіпейіл адам	Тәкәппарлықтан арылу	«آدم بولغان تكبر، جراتى رحمتىدىن جاتق»	«Täkabbur bolğan adam – Hıqtıng rahmätündän jıraq»	Тәкәппар адам Хақтың рақымынан жырақ
Рухани таза адам	Аллаға ғашық болу	«حققا تبولسا عاشق، «تجترس كاملگه»	«Gashıq bolsañ Haqqa, kämälge jetersiñ»	Аллаға ғашықтық – кемелдіктің шыңы

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Ясауидегі «кемел адам» концепциясын терең түсіну үшін сопылықтағы «мақам», «хал» және рухани кемелдену сатыларына арналған еңбектерді қарастыру маңызды. Сонымен қатар түркі-ислам синтезін, Ясауи жолының антропологиялық негіздерін зерттеу және қазақ әдебиетіндегі сопылық дәстүр жалғастығын (Абай, Шәкәрім шығармаларындағы көріністерін) талдау қажет. Бұл бағыттағы зерттеулер Ясауи ілімінің тарихи-мәдени сабақтастығын айқындап, оның рухани-этикалық мазмұнын кең контексте түсіндіруге мүмкіндік береді. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметінде» «кемел адам» концептісі адамның өзін тануы, нәпсіні жеңуі және Хаққа жақындауы арқылы айқындалады. Бұл ілімде рухани кемелдену тек теориялық деңгейде емес, практикалық-адамгершілік тәжірибе арқылы жүзеге асатын процесс ретінде қарастырылады. Хикметтерде кемелдікке жету жолдары адамның ішкі жан дүниесін тазарту, нәпсіні жеңу

және жүрек ілімін меңгеру арқылы сипатталып, рухани-этикалық кемелдіктің негізгі өлшемдері ретінде ұсынылады.

“Nafsıngdı tiymasang, kämäl bolmas hiç qachän”

#### Шағатайша нұсқа:

ل بولماس هيچ قاچان كام، ندى تيماسانغى

**Мағынасы:** Нәпсіңді тыймасаң, кемел болмас ешқашан.

Нәпсіні жеңбейінше кемелдікке жету мүмкін емес.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметінде» жиі кездесетін хадистердің бірі – «Ман арафа нафсаху фақад арафа раббаху» («Кім өзін таныса, Жаратушысын таниды») (Сыздықова, 2014). Бұл ой кемел адамға тән басты өлшем ретінде ұсынылады. Яғни, адамның өзін тануы – рухани кемелденудің алғашқы қадамы, ал өзін таныған жан Жаратушыны тануға жақындайды. Мыса-

лы, Ясауи хикметтерінде нәпсіні жеңу арқылы адам жүрек тазалығына жетіп, Аллаға жақындау жолын табатыны айтылады.

«Диуани Хикметте» кемелдікке жетелейтін негізгі ұстанымдар ретінде қанағат, имандылық, әділдік, мейірім-шапағат, адалдық және ізеттілік көрсетіледі. Бұл қасиеттер адамның күнделікті өмірінде нақты әрекеттер арқылы көрініс табады. Мәселен, қанағатшыл адам дүниеқоңыздықтан аулақ болып, барға шүкір етеді; әділ адам қоғамда әділетті шешім қабылдап, өзгелерге зиян келтірмейді; мейірімді жан мұқтаждарға қол ұшын беріп, ізеттілік танытады.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметінде» «кемел адам» (*al-insān al-kāmil*) ұғымы адамның өзін тануы, нәпсіні жеңуі және Хаққа жақындауы арқылы сипатталады. Бұл идея хикметтерде түпнұсқа жолдармен де көрініс тапқан. Мәселен:

*«Нәпсіні тыйған кемел жанды Хақ сүйер,  
Өзін таныған ғашық жанды Хақ біледі. Бұл дүниенің баянсызын білген жан, Ақыретке дайындалып кемел болар»*

Тағы бір үзіндіде:

*«Кім өзін таныса, Раббысын таныды, Кемел адам сол – Хаққа жақын болды. Қанағат қылып, сабыр еткен пенде, Махаббатпенен кемелдікке жетті»*

Бұл жолдарда Ясауи кемел адамды өзін таныған, нәпсіні жеңген, қанағат пен сабырды ұстанған, Аллаға ғашық жан ретінде сипаттайды. Ясауи ілімінде кемел адам тек рухани биік деңгейге жеткен тұлға ғана емес, сонымен бірге қоғамға мейірім мен әділдік әкелетін, адамгершілік пен әділеттілікті өмірлік қағида еткен тұлға ретінде бейнеленеді.

Осылайша, Ясауидің хикметтеріндегі «кемел адам» концептісі сопылық дәстүрде адамның рухани шыңдалуы мен толыққанды адам болуын бейнелейтін антропологиялық және этикалық үлгі ретінде қарастырылады.

Қожа Ахмет Ясауидегі «кемел адам» концептісінің когнитивтік құрылымдарын үш негізгі дереккөздік бағытты біріктіріп, бірлікте қарастыру қажет:

- Ясауидің түпнұсқа мәтіндері – ең алдымен «Диуани Хикмет»;

- Түркі сопылық дәстүрін зерттеген еңбектер;

- Суфизмдегі классикалық «кемел адам» (*al-insān al-kāmil*) ілімінің теориялық негіздері (Ибн Араби, әл-Жили).

Ясауи хикметтеріндегі «кемел адам» концептісінің когнитивтік құрылымдары тілдік репрезентация арқылы көрініс табады.

Бұл құрылымдар ілім, нәпсіні жеңу, кішіпейілділік және ғашықтық сияқты құндылықтармен тізбектеліп айқындалады. Әрбір құндылық белгілі бір символдық мәнге ие болып, этномәдени кодтармен астасып, концептінің семантикалық өрісін құрайды. Осы құндылықтар жүйесі кестелік үлгіде ұсынылып, олардың тілдік таңбалар арқылы репрезентациясы мен символдық мағынасы салыстырыла талданады.

Ілім (Knowledge → Light) – білімнің жарыққа теңестірілуі

Нәпсіні жеңу (Overcoming the self → Discipline) – рухани тәртіптің негізі.

Кішіпейілділік (Humility → Nearness to Mercy) – рақымға жақындықты білдіреді.

Ғашықтық (Divine Love → Spiritual Peak) – рухани кемелдіктің шыңы ретінде бейнеленген.

#### 1-сурет

«Кемел адам» концептісінің когнитивтік құрылымдары



Ескерту: Сурет авторлар тарапынан құрастылды.

Осы үш бағытты кешенді түрде талдау Ясауи дүниетанымындағы «кемел адам» концепциясының мәнін толыққанды ашуға және оның сопылық антропологиядағы орны мен ықпалын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Суфизмдегі «кемел адам» (*al-insān al-kāmil*) концептісі исламдық антропологияның ең күрделі әрі терең салаларының бірі болып табылады. Ибн Араби мен Абд әл-Карим әл-Жили еңбектерінде кемел адам жаратылыстың мәнін таныған, рухани кемелдікке жеткен және Құдайлық сипаттарды өз бойында көрініс таптырған тұлға ретінде

сипатталады. Бұл ілімде адам микрокосм ретінде, ал әлем макрокосм ретінде қарастырылып, кемел адам осы екі әлемді байланыстырушы рухани дәнекер ретінде түсіндіріледі.

Түркі сопылық дәстүрінде аталған концепт практикалық-этикалық мазмұнмен толықтырылды. Түркілік дүниетанымдағы ерлік, жомарттық, әділдік, кішіпейілділік сияқты құндылықтар сопылық антропологиямен үйлесіп, өзіндік синкреттік модель қалыптастырды.

### Қорытынды

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметінде» кемел адам концептісі ерекше сипатқа ие. Ясауи кемел адамды тек рухани биік деңгейге жеткен тұлға ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамға қызмет ететін, адамгершілік пен әділеттілікті өмірлік қағида еткен тұлға ретінде көрсетеді. Оның ілімінде кемелдену жолы төрт сатылы жүйе арқылы беріледі: шарифат, тариқат, мағрифат және хақиқат. Бұл сатылар адамның сыртқы діни міндеттерді орындаудан бастап, ішкі рухани тазаруға, жүрек іліміне және ақиқатқа жетуге дейінгі жолын қамтиды.

Ясауидің ерекшелігі – адам кемелденуін халыққа қызмет ету, қарапайымдық, нәпсіні жеңу және жүрек тазалығы сияқты практикалық құндылықтармен байланыстыруында. Оның хикметтерінде кемел адам тек Құдайға жақындаған тұлға ғана емес, сонымен бірге қоғамның рухани тірегі ретінде бейнеленеді.

Ибн Араби мен Ясауи ілімдерін салыстырғанда, олардың түпкі мақсаты ортақ болғанымен, тәсілдері мен акценттері әртүрлі. Ибн Араби кемел адамды метафизикалық деңгейде түсіндірсе, Ясауи оны күнделікті өмірмен және адамгершілік тәжірибемен байланыстырады. Осы тұрғыдан алғанда, Ясауидің кемел адам моделі түркілік дүниетанымға бейімделген, халыққа түсінікті әрі этикалық-практикалық сипаттағы сопылық антропология ретінде ерекшеленеді.

Жинақтап айтқанда, Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметіндегі» al-insān al-kāmil концептісі сопылық дәстүрдің терең антропологиялық мазмұнын түркілік дүниетаныммен ұштастырады. Ясауи кемел адамды тек рухани биікке жеткен тұлға ретінде емес, қоғамға қызмет ететін, әділеттілік пен мейірімділікті өмірлік қағида еткен үлгі ретінде сипаттайды. Оның төрт сатылы жүйесі – шарифат, тариқат, мағрифат, хақиқат – адамның сыртқы діни міндеттерден бастап ішкі рухани кемелденуге дейінгі жолын көрсетеді.

Қазақ рухани танымындағы адам концептілері бір-бірімен сабақтасып, дамудың сатылы жүйесін құрайды. Халықтық дүниетанымдағы жақсы адам ұғымы – адалдық пен қайырымдылықты өмірлік өлшем етіп, қоғамға пайдалы болуды көздесе, Әл-Фарабидің мінсіз адам идеалы – мемлекет басқаруға лайық тұлғаның кемел қасиеттерін айқындайды. Абайдың толық адам концептісі – ғылымды меңгеру, әділет пен махаббат арқылы қоғамға қызмет етуді мақсат етеді. Ал Ясауидің кемел адам ілімі – рухани тәртіп, нәпсіні жеңу, ілім мен махаббатқа жету арқылы адамның ең биік рухани шыңына көтерілуін бейнелейді.

Қорыта келе, қазақ дүниетанымындағы адам туралы түсінік қарапайым моральдық өлшемнен бастап, әлеуметтік жауапкершілікке, одан әрі рухани кемелдікке дейінгі тұтас жолды көрсетеді. Яғни жақсы адамнан → мінсіз адамға → толық адамға → кемел адамға дейінгі тұлғалық өсу жеке тұлғаның ішкі жетілуін қоғамға пайдалы болумен ұштастыратын, рухани әрі әлеуметтік мәні зор антропологиялық үлгі болып табылады.

Ясауи «Хикметтеріндегі» «кемел адам» концептісі қазақ дүниетанымындағы адамға қатысты дәстүрлі түсініктерді тілдік репрезентация арқылы жинақтап, оларды рухани кемелдік пен әлеуметтік жауапкершілікті тұтастыратын когнитивтік-мәдени жүйе ретінде қалыптастырады.

### Қаржыландыру

Зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын 2025-2027 жылдарға арналған АР26104289 «Табиғат – Адам – Тұрмыс» үштігі тілдік репрезентациясының этномәдени кодтары мен когнитивтік құрылымдары (қазақ және басқа түркі тілдеріндегі тұрмыстық лексика бойынша салыстырмалы талдау)» деп аталатын гранттық жоба аясында әзірленді.

### Мақала авторларының үлесі

М.Е. Ажибекова мақаланың ғылыми тұжырымдамасын қалыптастырды, зерттеу материалдарын жинақтады және негізгі мәтінді жазды; Г. Сағидолда талдау нәтижелерін тексеруге, теориялық бөлімді толықтыруға және мақаланың соңғы нұсқасын редакциялауға қатысты.

### Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

## Әдебиеттер

- Sinanoglu, A. (2008). İslâm düşüncesinde “insan-ı kâmil” anlayışı ve Allah ile ilişkilendirilmesinin teolojik değeri. *Kelam Araştırmaları*, 6(2), 93–114.
- Efendi, A. (1305). *Kamus tercemesi* (Vol. 2, pp. 871–873). T.C. Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı.
- Кенжетай, Д. (2024). Ясауи іліміндегі «Кемел адам». *Ақиқат*. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12267>
- Сыздықова, Р. (2014). *Ясауи «Хикметтерінің» тілі*. Ел шежіре.
- Бағашаров, Қ., Тобашев, Ф., & Түтинова, Н. (2022). Кемел адам тұжырымы және оның аксиологиялық мәні. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, 29(1), 38–44.
- Қалиев, Б. Қ. (2023). *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі* (1–2 т.). Keremet Media.
- Қасымқан, Қ. (2025). Философия мен сопылықтағы кемелдік: Типологиялық ерекшеліктері, ортақ мотивтер мен кемел адам тұжырымдамасы. *Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы*, 14(2), 341–353. [https://journal.shygystanu.kz/index.php/main/article/download/389/212/1125?utm\\_source=copilot.com](https://journal.shygystanu.kz/index.php/main/article/download/389/212/1125?utm_source=copilot.com)
- Құрманбайұлы, Ш., Исакова, С., Мизамхан, Б., & т.б. (2019). *Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі*. Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры.
- Zhakupov, Z., Sarekenova, K., Aimukhambet, Z., Sagidolda, G., Omirbekova, Z., Akhmetova, M., & Tuyakbayeva, R. (2023). Language and cultural codes in Ahmed Yasawi’s *Divani Hikmet*: A linguacultural study. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 9(3), 238–246.
- Батыс философиясының жаңа тарихы (1-том: Антика философиясы). (2020). Қазақстанның Ашық университеті.
- Maslow, A. H. (1962). *Toward a psychology of being*. Van Nostrand.
- Шамахай, С., Сәркүлова, М., & Сәркүлова, Г. (2022). Академик Ғарифолла Есімнің «жақсы қазақ» тұжырымдамасы хақында. *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы*, 80(2), 46–55.
- Абай (2024). 17-қара сөз: Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің айтысы. *Muslim.kz*. Retrieved December 12, 2025, from <https://muslim.kz/article/abayidyn-17-qara-sozi-qayirat-aqyl-zhurek-usheuinin-ayitysy>
- Кılıç, M. (2015). *Tasavvuf ve insan-ı kâmil: Süfî düşüncede kemal anlayışı*. İnsan Yayınları.
- Момынова, Б., Сүйерқұлова, Б., Фазылжанова, А., & т.б. (2011). *Қазақ әдеби тілінің сөздігі: Он бес томдық* (7-т.). <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=58>
- Әл-Фараби. (1975). *Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары (әл-Мәдина әл-Фадила)*. Ғылым.
- Шәкәрім Құдайбердіұлы. (1991). *Үш анық* (Original work published 1912). Арыс баспасы. Retrieved December 11, 2025, from <https://massaget.kz/blogs/shakarm-kudayberdulyinyin-enbekterndeg-kemel-adam-tusng-29193/>
- Тәубаева, Ш. (2020). «Кемел адам» концепциясы. *Сыр бойы*. Retrieved December 12, 2025, from <https://syrboyi.kz/bilim/kemel-adam-konceptiyasy-36405>
- Tanabayeva, A., Alikbayeva, M. B., & Alibekuly, A. (2015). Al-Farabi’s doctrine: Virtuous people and a model of the “perfect man.” *KazNU Bulletin. Religious Studies Series*, 2(2), 56–62.

## References

- Abai. (2024). 17-qara sóz: *Qairat, aqyl, júrek úsheýiniń aıtysy* [The 17th word: The debate of will, intellect, and heart]. *Muslim.kz*. Retrieved December 12, 2025, from <https://muslim.kz/article/abayidyn-17-qara-sozi-qayirat-aqyl-zhurek-usheuinin-ayitysy>
- Al-Farabi. (1975). *Qaiyrymdy qala turǵyndarynyń kózqarastary (ál-Mádina ál-Fadıla)* [Views of the inhabitants of the virtuous city (Al-Madina al-Fadila)]. Ǵylym.
- Asım Efendi. (1305). *Kamus tercemesi* [Translation of “Kamus”] (Vol. 2, pp. 871–873). T.C. Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı.
- Batys filosofıasynyń jańa tarihy* (1-tom: Antika filosofıasy) [A new history of Western philosophy (Vol. 1: Ancient philosophy)]. (2020). Qazaqstannyń Ashyq ýnıversıteti.
- Baǵasharov, Q., Tobashev, Ǵ., & Tútınova, N. (2022). *Kemel adam tújyrymy jáne onyń aksiologıualyq máni* [The “perfect human” concept and its axiological significance]. *QazUÝ Khabarshysy. Dintany serıasy*, 29(1), 38–44.
- Qaliev, B. Q. (2023). *Qazaq tiliniń úsindirme sózdiǵi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language] (Vols. 1–2). Keremet Media.
- Qasymqan, Q. (2025). *Filosofıa men sopılyqtaǵy kemeldik: Tipologıualyq erekshelikteri, ortaq motivter men kemel adam tújyrymdamasy* [Perfection in philosophy and Sufism: Typological features, common motifs, and the concept of the perfect human]. *Qazaqstan shyǵystanıy ǵylymı jýrnaly*, 14(2), 341–353. [https://journal.shygystanu.kz/index.php/main/article/download/389/212/1125?utm\\_source=copilot.com](https://journal.shygystanu.kz/index.php/main/article/download/389/212/1125?utm_source=copilot.com)
- Kenjetai, D. (2024). *Iasayı ilimindeǵi «Kemel adam»* [“Perfect human” in Yasawi’s teaching]. *Aqiqat*. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12267>
- Kılıç, M. (2015). *Tasavvuf ve insan-ı kâmil: Süfî düşüncede kemal anlayışı* [Sufism and the perfect human: The understanding of perfection in Sufi thought]. İnsan Yayınları.
- Maslow, A. H. (1962). *Toward a psychology of being*. Van Nostrand.
- Momynova, B., Süierqulova, B., Fazyljanova, A., et al. (2011). *Qazaq ádebi tiliniń sózdiǵi: On bes tomдық* [Dictionary of the Kazakh literary language: Fifteen-volume edition] (Vol. 7). <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=58>
- Qurmanbaiuly, Sh., Isakova, S., Mizamkhan, B., et al. (2019). *Qazaq tiliniń kirme sózder sózdiǵi* [Dictionary of loanwords in the Kazakh language]. Ulıtyq áydarma byurosy qoǵamdyq qory.

Shákárim Qudaiberdiuly. (1991). *Úsh anyq* [Three truths] (Original work published 1912). Arys baspasy. Retrieved December 11, 2025, from <https://massaget.kz/blogs/shakarm-kudayberdulyinyin-enbekterndeg-kemel-adam-tusng-29193/>

Shamakhai, S., Sárqulova, M., & Sárqulova, G. (2022). *Akademik Garifolla Yessimniń «jaqsy qazaq» tújyrymdamasy haqynda* [On Academician Garifolla Yessim's "good Kazakh" concept]. *Al-Farabi atyndaǵy QazÚY Khabarshysy. Filosofıa, mádenıetıtanu, saıasattanıy serıasy*, 80(2), 46–55.

Sinanoglu, A. (2008). *İslám dıüşıncesinde “ınsan-ı kâmil” anlayışı ve Allah ile ilişkilendirilmesinin teolojik deęeri* [The concept of the “perfect human” in Islamic thought and the theological value of linking it to God]. *Kelam Arařtırmaları*, 6(2), 93–114.

Syzdyqova, R. (2014). *Iasaýı «Hikmetteriniń» tili* [The language of Yasawi's “Hikmets”]. El shejire.

Tanabayeva, A., Alikbayeva, M. B., & Alibekuly, A. (2015). Al-Farabi's doctrine: Virtuous people and a model of the “perfect man.” *KazNU Bulletin. Religious Studies Series*, 2(2), 56–62.

Taubaeva, Sh. (2020). *«Kemel adam» kontseptsıyası* [The “perfect human” concept]. *Syr boıy*. Retrieved December 12, 2025, from <https://syrboyi.kz/bilim/kemel-adam-koncepciyasy-36405>

Zhakupov, Z., Sarekenova, K., Aimukhambet, Z., Sagidolda, G., Omirbekova, Z., Akhmetova, M., & Tuyakbayeva, R. (2023). Language and cultural codes in Ahmed Yasawi's *Diwani Hikmet*: A linguacultural study. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 9(3), 238–246.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Әжібекова Маржан Ермектайқызы (корреспондент-автор) – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: [marzhanermektai@mail.ru](mailto:marzhanermektai@mail.ru)).

Сағидолда Гүлғайша – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: [asem963@mail.ru](mailto:asem963@mail.ru)).

**Information about the authors:**

Azhibekova Marzhan (corresponding author) – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: [marzhanermektai@mail.ru](mailto:marzhanermektai@mail.ru)).

Sagidolda Gulgaisha – doctor of Philology, professor L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: [asem963@mail.ru](mailto:asem963@mail.ru)).

**Сведения об авторах:**

Ажібекова Маржан Ермектаевна (автор-корреспондент) – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: [marzhanermektai@mail.ru](mailto:marzhanermektai@mail.ru)).

Сағидолда Гүлғайша – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: [asem963@mail.ru](mailto:asem963@mail.ru)).

Келіп түсті: 23 қаңтар 2026 жыл  
Қабылданды: 24 қаңтар 2026 жыл